

Бейнеу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 наурыздағы № 10/84 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 сәуірде № 3326 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 26 қазан 2022 жылғы № 25/235 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 26.10.2022 № 25/235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы №145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10030 болып тіркелген) сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бейнеу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Бейнеу аудандық мәслихатының аппарат басшысы (Б.Түйешиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

Аудандық мәслихат

хатшысы

А. Ұлұқбанов

"КЕЛІСІЛДІ":

"Бейнеу аудандық тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы

Т.Нұрмағанбетов
"7" наурыз 2017 жыл

Бейнеу аудандық мәслихатының
2017 жылғы 7 наурыздағы
№ 10/84 шешіміне қосымша

Бейнеу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 23.07.2019 № 38/309(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Нысан атауы	Есептеу бірлігі	ҚТҚ жинақталу орташа жылдық нормасы, м ³
1	2	3	4
1.	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,98
	Жайлы емес үйлер		2,18
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	-
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	2,28
4.	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,33
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,895
6	Емханалар	1 келіп кету	0,18
7	Ауруханалар, өзге де емдеу – сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,915
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,135
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,785
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,89
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,03

12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,07
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,045
14.	Азық – түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	1,095
15.	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²	-
16.	Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 23.07.2019 № 38/309(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.		
17.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршіктер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,37
18.	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,09
19.	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-
20.	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,11
21.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,985
22.	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	-
23.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,295
24.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,445
25.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,94
26.	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
27.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,25
28.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,35
29.	Зергерлік, аяқ-киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,21
30.	Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету	1 жұмыс орны	-

	орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)		
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,4
32.	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	1,06
33.	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

ҚТҚ түзілу нормасы белгіленбеген, себебі ҚТҚ тасымалдауды келісім шарт негізінде арнайы ұйымдар арқылы көліктермен сауда базар аумағында өздері жүзеге асырады.

ҚТҚ түзілу нормасы белгіленбеген, себебі ҚТҚ тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдардың мәліметі бойынша аталған нысандар Бейнеу ауданында орналасқан.

Аббревиатураның ажыратып жазылуы:

ҚТҚ - қатты тұрмыстық қалдық;

АЖС – автокөліктерге жанармай құю станциясы;

м² - шаршы метр;

м³ - текше метр.